



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ
МИНИСТРЛІГІ

Жүргізілген кеңестер туралы Есеп

Тақырыбы «Жоңышқаның топырақ құнарлылығына әсері»

«Жер ресурстарын тиімді пайдалану, оның ішінде топырақ құнарлылығын сақтау және арттыру тәсілдері, ауыспалы егістерді сақтау» бағыты бойынша

Өткізу күні:
«20» тамыз 2025 жыл

Кеңес беру өткізілген орны:
Алматы облысы, Кеген ауданы,
Кеген ауылы, «Жандос» ШҚ

Эксперт:  Сулейменова А.И.
(қолы)

«Ө.О. Оспанов атындағы Қазақ
Топырақтану және агрохимия
ғылыми-зерттеу институты» ЖШС
Басқарма Төрайымы



 Р.Х. Рамазанова
қолы, М.О.

1. Кеңес беруді қажет ететін мәселе немесе мәселелер шеңбері

Ауыл шаруашылығында топырақтың құнарлылығы маңызды рөл атқарады. Өнім сапасы мен мөлшері тікелей топырақ құрамына байланысты. Сол себепті топырақты тыңайту, оның құрылымын жақсарту және табиғи жолмен құнарлылығын арттыру әдістері үнемі ізденісте болады. Осындай табиғи әдістердің бірі – бұршақ тұқымдас өсімдіктерді, соның ішінде жоңышқаны егістікке енгізу.

Жоңышқа – Қазақстандағы мал азықтық және агрономиялық тұрғыда аса маңызды өсімдік. Оның топыраққа тигізетін оң әсерлері тек мал азығы ретінде ғана емес, сонымен қатар агротехникалық тұрғыдан да бағалы.

2. Қызметті жақсарту жөніндегі кеңейтілген дәлелдер мен ұсыныстарды қамтуы тиіс қойылған мәселені немесе мәселелер шеңберін шешу жөніндегі сарапшының ұсыныстары

Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілермен аталған облыстардың жеке шаруақожалықтары басшыларымен кездесіп жалпы топырақ құнарлығы жайында, яғни мұндағы негізгі мақсат: ауыл шаруашылығымен айналысатын шаруа қожалық иелеріне қарапайым қол жетімді құралдар арқылы топырақтың механикалық құрылымының және өсімдік қалдықтарының мөлшерінің топырақ құнарлылығына әсерін, сонымен қатар топырақтың тығыздалуы, тұздану деңгейлерін анықтауды диқандарға түсіндіру.

Жоңышқа – бұршақ тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік. Ол терең тамыр жүйесіне ие, 2–3 метрге дейін тамыр жібере алады. Бұл қасиеті арқылы ол топырақтың терең қабаттарынан ылғал мен қоректік заттарды сіңіріп, жер бетіндегі бөліктеріне жеткізеді. Сонымен қатар, жоңышқа ауадан азотты сіңіріп, оны топыраққа байыта алатын симбионтты бактериялармен (түйнек бактериялары) байланыста өмір сүреді.

Азотты жинау қасиеті: Жоңышқа түйнек бактериялары арқылы атмосфералық азотты сіңіріп, оны органикалық байланыс түрінде топыраққа береді. Орташа есеппен жоңышқаның әр гектары жылына 100–300 кг-ға дейін таза азотты топыраққа бере алады. Бұл – топыраққа тыңайтқыш қоспай-ақ оның құрамын жақсартудың тиімді жолы.

Органикалық заттармен байыту: Жоңышқаның түскен жапырақтары, сабақтары және тамыр қалдықтары топыраққа шіріп, гумусқа (қара шірікке) айналады. Бұл процесс топырақтың органикалық құрамын арттырып, оның құрылымын, ылғал сақтау қасиетін және микрофлорасын жақсартады.

Топырақ құрылымын жақсарту: Жоңышқаның күшті тамыр жүйесі топырақтың терең қабаттарын босатып, аэрацияны (ауа алмасуын) жақсартады. Бұл қасиет әсіресе тығыз топырақтарда маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, топырақтың су өткізгіштігі мен су ұстау қабілеті де артады.

3. Өндіріс көлемін ұлғайту/өнімділікті арттыру/шығындарды азайту және т.б. сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, агроөнеркәсіптік кешен субъектісінің ұсыныстарды қолдану нәтижелері бойынша күтілетін нәтиже

Ауыл шаруашылығындағы маңызы: Жоңышқа егістікті ауыспалы егіс жүйесінде қолданылады. Ол кейін егілетін дақылдар үшін құнарлы негіз дайындайды. Мысалы, бидай немесе жүгері жоңышқадан кейін егілсе, тыңайтқышсыз-ақ жоғары өнім бере алады. Сонымен қатар, жоңышқа топырақ эрозиясын (жел немесе су арқылы шайылуын) болдырмайды. Жоңышқаны 2–3 жыл бойы өсіргеннен кейін жерге басқа дақылдар егілсе, олар тыңайтылған, құрылымы жақсы топырақта жақсы өседі. Бұл – жоңышқаның биологиялық тыңайтқыш ретіндегі рөлі.

Жоңышқа – топырақ құнарлылығын арттыруда таптырмас өсімдік. Оның азот жинау қабілеті, органикалық қалдықтармен топырақты байытуы және құрылымды жақсарту қасиеттері ауыл шаруашылығында кеңінен қолданылады. Ауыспалы егіс жүйесінде жоңышқаны пайдалану топырақтың тозуын баяулатып, экологиялық және экономикалық жағынан тиімді әдіс болып табылады. Сондықтан жоңышқаны тек мал азығы ретінде емес, агротехникалық құрал ретінде де кеңінен қолдану қажет.

4. Сарапшының қатысуымен консультациядан алынған сапалы фотосуреттер



